



Бекітемін: *М.Б. Байжұманова*
Мектеп директоры *М.Б. Байжұманова*
Байжұманова М.Е.
«23» 08 2025 ж

Келісемін: *М.Б. Байжұманова*
Оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Байжұманова М.Е.
«23» 08 2025 ж

Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанынан ашылған шағын орталық «Еркетай» ересек

тобының 2025-2026 оқу жылына арналған

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

(4 жас)

Тәрбиеші: Кушкембаева А.Е

2025-2026 оқу жылы



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 - 2026 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанындағы «Еркетай» шағын орталығы

Тобы: «Еркетай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек 2025 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек		-Өкпешен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. - Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. -Қолды екі жаққа созып, басқа қашық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. -Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. - Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. -Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. -Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; -Жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану; -Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. -Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. -Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету;
	Тіл дамыту	
	Көркем әдебиет	

	-Әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру; Педагог жоспары бойынша
Қазақ тілі	-Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру; -Заттарды жұлпып қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. -5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау; -Сандарды реті бойынша атауға «нәшінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.
Математика негіздері	-Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. -Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. -Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгінгі және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). -Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтыласын, қызығушылығын арттыру).
Қоршаған әлеммен таныстыру	-Орналасыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. -Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. -Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. -Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.
Күрастыру	- Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. -Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.
Сурет салу	-Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. -Қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту
Мүсіндеу	-Ермексаздың, сазбалшықтың, камырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру;- Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;

	-Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. -Балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
Жапсыру	-Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. -Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. -Барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. -Композицияны құрастыру кезінде заттармен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.
Музыка	-Балалардың музыкаға деген қызығушылығын түсініктемесіз, оны тыңдауға ынталандыру; -Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. -Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). - Музыканың сипатын сезінуге үйрету.